

Түркітілдес елдердің парламенттік ассамблеясы (ТүркПА) халықаралық байқаушылар миссиясының Қырғыз Республикасындағы 2016 жылғы 11 желтоқсанда конституцияға өзгерістер енгізу бойынша өткен референдумның қорытындылары жөніндегі

МӘЛІМДЕМЕСІ

ТүркПА халықаралық байқаушылар миссиясы Қырғыз Республикасында 2016 жылдың 11 желтоқсанында ел конституциясына өзгерістер енгізу бойынша өткен референдумды қысқа мерзімде бақылады. Миссия құрамына Әзербайжан, Қазақстан және Түркия парламенттері мүшелері мен ТүркПА хатшылығы қызметкерлері енді.

Миссияны Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұрлан Дулатбеков басқарып, құрамына Әзербайжан Республикасы Милли Мәжлисінің депутаты Мұса Гулиев, Түркия Республикасы Ұлы ұлттық мәжілісінің депутаттары Еркан Айдын мен Екрем Ердем енді.

Қырғызстандағы референдум елдің 2010 жылғы Конституциясына, 2011 жылғы Сайлау комиссияларының сайлаулар мен референдумдарды өткізу туралы заңына және 2016 жылдың 3 қарашасында қабылданған Қырғыз Республикасының конституциясына өзгерістер енгізу туралы заңға сай реттелді. Сондай-ақ, Орталық сайлау комиссиясының ережелері мен шешімдері де заңнамалық қаңқаның құрамдас бөлігі.

Қысқа мерзімді сапар барысында Нұрлан Дулатбеков жетекшілік еткен ТүркПА бақылаушылар миссиясы Орталық сайлау комиссиясының жоғары лауазымды тұлғаларымен және Қырғыз Республикасы Жоғорку Кеңешінің Төрағасымен кездесулер өткізді. Осы жүздесулер барысында байқаушылар референдумға дайындық барысы жайлы, оны өткізу үшін қолданылған шаралар туралы мәліметтер алды. Орталық сайлау комиссиясының ақпаратына сай, 2 млн 851 мың 952 дауыс беруші тіркелген. Шет елдерде 14 мың тіркелген дауыс берушіге сайлау ұйымдастырылған.

Референдумның техникалық және процедуралық жақтары тыңғылықты ұйымдастырылған. Атап айтқанда, референдум календарын мен сайлаушыларды тіркеу ұйымдасқан түрде орындалып, референдумды өткізуге жауапты жергілікті сайлау учаскелерінің мүшелері үшін арнайы баспа материалдары әзірленген.

Бұл 2011 жылғы Сайлау комиссияларының сайлаулар мен референдумдарды өткізу туралы заңына сай өткен алғашқы референдум болды. 2015 жылғы сәуірде аталған заңға енгізілген қосымшалар міндетті биометрикалық анықтауды және сайлау бюлетендері сканерлерін қолдануды

міндеттейді. Тұңғыш рет саусақ іздері сайлаушыларды анықтау үшін қолданылды және сайлау бюлетендері сканерлері барлық сайлау учаскелерінде автоматты санауды қамдады. Алайда ресми санау нәтижелері қолмен санауға негізделді. Дауыс берушілердің тізімі барлық тіркелген азаматтардың биометриялық деректері қамтылған Біріңғай тұрғындар регистріне негізделген.

Орталық сайлау комиссиясы референдум аясында 13 «қарсы» және «жақ» (4-еуі «жақ», 9-ы «қарсы») топтарының құрылып, науқан кезінде үгіт жұмыстарымен айналысқанын айтты. Бұқаралық ақпарат құралдары референдум алдындағы науқан жөнінде барынша хабар таратты және ТүркПА бақылаушылары медиа корпорациялар мен коммерциялық хабар таратушылар бейтараптық, шыншылдық және мұқияттық принциптеріне берік болғанын атап өтеді. Науқан кезінде аталған топтарға қоғамдық радиотелеарналар эфирінен тегін уақыт бөлінді. Бақылаушылар аталған топтардың Қырғыз Республикасы аумағының барлық қай тұсы болсын кездесулер өткізуі үшін ешбір кедергілерді байқамады.

ТүркПА миссиясының дауыс беруді оның барлық кезеңінде бақылауға мүмкіндігі болды. Сайлау күні дауыс беру учаскелері сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін ашық болды. Орталық сайлау комиссиясының мәліметіне сай, дауыс беруге дауыс берушілердің шамамен 42 проценті қатысқан. Бақылаушылар Бішкектегі және оның сыртындағы 11 сайлау учаскесіне барып, дауыс беру процесіне куә болып, дауыс берушілермен, саяси партиялар өкілдерімен және сайлау учаскесі ресми өкілдерімен әңгімелесті. Миссия сайлау процесінде жаңа технологиялардың қолдану мен биометриялық дерек жинауға оң қабақ танытты.

Жаңа технологиялар пайдаланғандықтан осы сайлаудың мәні ерекше; сайлауда 21 ғасыр технологиясы қолданылып, оның әсерлеріне көпшілік куә болды. Сайлау процесі Қырғыз Республикасында қолданылған биометриялық дауыс тіркеу бүткіл әлемдегі басқа елдерге де үлгі бола алатынын көрсетті.

2016 жылғы 11 желтоқсан күні кешкі сағат 22.00-де Орталық сайлау комиссиясы референдумның алдын ала қорытындыларын мәлімдеді:

жақтап – 79.58%, қарсы - 15.40% дауыс берілген.

Қырғызстандағы референдумды халықаралық деңгейде бақылау үшін барлық құқықтық және логистикалық жағдайлар жасалынған. Бақылаушы миссия өз жұмысында Біріккен Ұлттар Ұйымы 2005 жылы қабылдаған Халықаралық бақылаушылардың қызмет кодексі, Европа Кеңесі Венеция комиссиясы қабылдаған ұсыныстарда және басқа да халықаралық-хұқықтық актілерде бекітілген объективтілік, ашықтық, әділдік және турашылдық қағидаларына сүйенді.

Миссия қандай да бір елеулі заңнама нормаларын бұзушылықты немесе одан ауытқушылықты байқамады, сайлау процедурасы Қырғызстанның ұлттық заңнамасы мен халықаралық нормаларға сай атқарылды. Ара-тұра кейбір техникалық кемшін тұстар болғанымен, олардың бүткіл референдум процесіне елеулі әсері тимеді.

ТүркПА халықаралық бақылаушылар миссиясы Қырғыз Республикасында өткен референдум Қырғызстанның ұлттық заңнамасына және халықаралық демократиялық стандарттарға сай өтті деген қорытындыға келді.